



ШАРТАРАП

АҚШ ПЕН ҚЫТАЙ: НЕГЕ ҚЫРҒИҚАБАҚ?

7-БЕТТЕ



ӘЛ-ФАРАБИ – 1150

МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ БІЛГІРІ

10-БЕТТЕ



ТҰЛҒА

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЛДАЯҚОВЫ

11-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№96 (4065) | Сенбі | 15 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

КАРАНТИН АЛЫНҒАНМЕН БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ



» Ведомствоаралық комиссия 17 тамыздан бастап еліміздегі карантин шараларының кезең-кезеңмен жеңілдетілетінін хабарлады. Алайда құзырлы мекемелер ашылатын нысандардың бәріне белгілі бір талаптар қойылатынын ескертті. Елорда әкімі Алтай Көлгінов «Астана» телеарнасына берген сұхбатында карантиннен кейінгі кезеңге дайындық барысы және өзге де маңызды мәселелерді ортаға салды.

4-5

БИЫЛ ЕЛОРДАДА 25 МЫҢНАН АСА ОҚУШЫ БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

Құжаттарды қабылдау egov.kz электронды үкімет порталы арқылы және қағаз форматта жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда бірінші сыныпқа 21 406 өтініш беріліп, 16 123 өтініш қабылданған.

Жаңа оқу жылы, әдеттегідей 1 қыркүйектен басталып, барлық мектептер (1-11 сыныптарда) мен колледждерде оқу қашықтан жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушылары үшін (1-ден 4-ке дейін) «кезекші сынып» жұмыс істейді. Яғни, ата-

аналардың өтініші бойынша, қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, «кезекші сыныптар» ашылады. Оқыту бірнеше ауысыммен ұйымдастырылады.

Мектепке оқуға құжаттарды қабылдау 20 тамызға дейін жүргізіледі.



COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА

АУРУ ЖҰҚ-
ТЫРҒАНДАР: **101848**

ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:
78633

ҚАЙТЫС
БОЛҒАНДАР: **1269**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 495.47 \$ USD/KZT 418.72 ₸ RUB/KZT 5.7 ¥ CNY/KZT 60.29

www.astana-akshamy.kz



» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі ең ірі ақпарат агенттігі, ғасыр жасаған ұстахана «ҚазАқпарат» агенттігін 100 жылдық мерейтойымен құттықтады.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Аға буынға етене таныс болған «ҚазТАГ»-тан бастау алып, қазіргі «ҚазАқпарат» аталғанға дейінгі кезеңде агенттік үлкен даму жолынан өтті. Талай тарихи оқиғаларды, әсіресе, тәуелсіздіктің шежіресін түзуде ерекше еңбек сіңірді. Елбасының барлық бастамаларын, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуы «ҚазАқпарат» таспасында үнемі көрініс тауып отырды. Сондықтан ғасыр жасаған агенттіктің мемлекеттік саясатты нақсаттау тұрғысында ел дамуына қосқан үлесі зор» делінген құттықтауда.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жаңалықты жұртшылыққа жедел жеткізетін «ҚазАқпараттың» халықаралық аренада ел имиджін қалыптастыруға да атсалысып келе жатқанын атап өтіп, Қазақстанның басты ақпарат агенттігінде қызмет етіп жүрген журналистерді қашанда жоғары марапатқа лайық деп санайтынын айтты. «Ұжым қызметкерлері мен агенттіктің ардагерлеріне зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Жағымды жаңалық көп болсын!» деп тілектестік білдірді Президент.



ОҚУШЫЛАР ШАХМАТ ТӘРТІБІМЕН ОТЫРАДЫ

» Жаңа әлеуметтік нысандардың құрылысымен қатар қаладағы ғимараттарға да назар аудару қажет. Биыл бас қаладағы білім беретін 26 мекемеде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті.

«Олардың қатарына мектептер, колледждер, балабақшалар жатады. Нысандарды жөндеу жұмыстарының басым бөлігін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырамыз. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ғимараты 75 жыл бұрын салынған. Мұнда ғимараттың қасбеті бойынша жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 130-дан аса терезе ауыстырылды. Колледж нарықта сұранысқа ие мамандарды шығарады. Мысалы, мекемеде электрмен жабдықтау, тасымалдауды ұйымдастыру және теміржол

көлігіндегі қозғалысты басқару, логистика және т.б. сияқты мамандықтарға оқуға болады» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ әкім кешкілік аралау барысында Ақан Сері көшесі 22-ші үйдегі №58 мектеп-гимназиясына барды. Мектепте күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданды. «Оқушылар «кезекші топтарда» оқитын білім беру мекемелерінде дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік қашықтықты сақтау туралы белгілер қойылады, оқушылар парта-ларға шахмат тәртібімен отырғызылады» деп түсіндірді А.Көлгінов.

ІШКІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – АЛҒА ЖЫЛЖУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

» Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-Министр Асқар Маминмен кездесті. Кездесу барысында биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша еліміздің экономикалық даму нәтижелері мен пандемиядан кейінгі кезеңге арналған жұмыс жоспары талқыланды.

Премьер-Министрдің ұсынған мәліметі бойынша, жыл басынан бері экономиканың машина жасау, өңдеу және тау-кен өндірісі, құрылыс, басқа да негізгі салаларындағы көрсеткіштер оң қарқын алған. Елбасы Қазақстанда бұған дейін қабылданған мемлекеттік бағдарламалар қазіргі дағдарыстың ұлттық экономикаға теріс әсерін азайтуға мүмкіндік бергенін атап өтті.

«Біз тәуелсіздік жылдарындағы ең күрделі кезеңді бастан өткізіп жатырмыз. Осы уақыт ішінде талай дағдарысты еңсердік. Қазіргі қиындық әлемнің бүкіл елін қамтып отыр. Барлық жерде жұмыссыздықтың көбеюі байқалауда, бизнес қиындықтарға тап болып, мемлекеттер арасындағы сауда-саттық деңгейі төмендеді. Алайда бұған дейін қабылданған шаралар дағдарыстың экономикамызға әсерін азайтуға көмектесті. Біздің экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі басқа елдермен салыстырғанда үш есе аз» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Тұңғыш Президент күрделі кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау бағытында отандық бизнестің белсенділігі жоғары екенін атап өтті. «Ірі бизнес жұмыс орындарын сақтап қалуға көмектесті, халықтың әлсіз топтары қолдауға қаражат бөлді,



сондай-ақ «Біз біргеміз» бастамасын ілгерілетуге үлесін қосты. Мен барлық бизнес өкілдеріне ризашылығымды білдіремін. «Birgemiz» қоры арқылы біз 2,3 миллион қазақстандыққа қолдау көрсете алдық» деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық өсім мәселесін қарастырып, отандық бизнесті жандандыру және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту қажеттігіне тоқталды. Үкімет экономиканың түрлі саласындағы өсімді қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдауы керек екендігі айтылды. «Қазіргі уақытта сарапшылар экономикалық дағдарыспен пандемияның екінші толқыны ке-

летінін болжауда. Мамандар бұл мәселені мұқият зерттеп, осы жағдайға арнаулы бағдарлама әзірлеуі керек. Жаңа тәсілдер мен тиісті шаралар қажет» деді Тұңғыш Президент.

Кездесу соңында Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық экономикалық дағдарыстардан өтуде Қазақстанның мол тәжірибесі, сондай-ақ экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар екенін атап өтті. «Жұрт жұмысқа шығып, ақша табуы үшін Үкімет жұмыс орындарын көбейтуге тырысуы керек. Бізде үлкен тәжірибе, қаражат, мүмкіндіктер бар. Осының бәрінен сүрінбей өтеміз» деді Тұңғыш Президент.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов №37 «Арман» және №32 «Балдәурен» бөбекжайларындағы күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Бұл туралы қала басшысы өзінің instagram парақшасында жазды.



«Бүгін жұмыс уақытына дейін бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап балабақшалардағы (№37 «Арман» және №32 «Балдәурен» бөбекжайы) күрделі жөндеу жұмыстарының барысын қадағаладым. Мұндағы жөндеу жұмыстары карантин басталғаннан бері жүріп жатыр. Жөнделіп жатқан мекемелердің шатыры мен іргетасына назар аудару қажет. Себебі кейбіріннің терезесінен жел үрлеп тұрады. Ал балаларымыздың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты назарда болуы қажет. Биыл барлығы 26 білім беру нысанын жөндейміз. Олардың қатарында мектеп, балабақша, колледждер бар» деп жазды А.Көлгінов.

Жөндеу жұмыстары «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізілуде. Бағдарлама шеңберінде 15 мың адам жұмыспен қамтылады.

ҮШ ТҮРЛІ ЖОСПАР БЕКІТІЛДІ

» Алдағы уақытта індетке қатысты ахуалдың өзгеруіне байланысты елордада денсаулық сақтау жүйесі жұмысының үш түрлі жоспары бекітілді. Жағдай ұшығатын болса, жатақханаларда және барлық ауруханаға бейімделген бөлмелерде науқастар жататын орындар ашылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов мәлімдеді.

«Қазір біз індеттің кезекті толқынына дайындалып жатырмыз. Эпидемиологиялық ахуалға орай нақты жоспарлар дайындалды. Ең бастысы – ауруханадағы науқастар жататын орындар. Осыған орай, А, В, С жоспарымыз бар. Бірінші жоспар бойынша, 2 мыңға жуық орын дайындаймыз. Осы жоспарымызға сәйкес орындар жеткілікті болады деп сенеміз. Жоспарлы және көпбейіндік көмек

көрсететін стационарлар іс жүзінде бұл жұмысқа қатыспайды» деп түсіндірді Т.Мұратов «Астана – адалдық алаңы» атты онлайн-диалогта сөйлеген сөзінде.

В жоспары бойынша, 1041 орын дайындалады. Сондай-ақ, 20 қосымша жедел жәрдем бригадалары құрылады. Ал С жоспары бойынша, ауруханаға бейімделген барлық бөлмелерде, жатақханаларда, қонақүйлерде нау-

қастар қабылдайтын төсек-орындар жабдықталады. Бұл жұмысқа еріктілер тартылады. Тимур Мұратов елордада құрылатын жедел жәрдем бригадаларының саны 160-180-ге дейін жететінін қадап айтты. Оларды эпидемиологиялық ахуалдың өзгеруіне қарай қосып отырады. «Бір жоспардан екіншісіне ауысу 80 пайыздық жүктемемен жүзеге асырылады» деп сөзін түйіндеді басқарма басшысы.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

Nur Otan партиясының орталық аппаратында «Жастарды қолдау» бағыты бойынша пандемия жағдайындағы волонтерлік қызмет және Jas Otan жастар қанатының 2025 жылға дейінгі «Жастар – Отанға!» бағдарламасы талқыланды. Бағдарлама жобасында қазақстандық жастардың өміріне қатысты жұмыспен қамту, қолжетімді баспана сынды негізгі мәселелерге басымдық берілген.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау облысындағы «Дос-сор-Құлсары-Бейнеу-Сай Өтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау порты» жолының 45 шақырымын жаңарту жұмыстары жоспарланған мерзімнен бұрын бітті. Аймақ үшін аса маңызды жолды орташа жөндеу жұмыстары межеленген мерзімнен екі ай бұрын аяқталып, бүгінгі таңда жол учаскелері қозғалыс үшін толық ашылды.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қармақшы ауданында тойханалар өндіріс орнына айнала бастады. Бүгінде аудандағы үш тойхана иесі бизнестегі бағытын өзгерткен. Мәселен, «Дүр-Оңғар» ауылындағы тойхана темір-бетон өнімдерін шығаратын цехқа айналды. Жалпы, Қармақшы ауданында «Қарапайым заттар экономикасы» аясында құны 28 миллион теңгені құрайтын төрт жоба жүзеге асып отыр.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістан қаласында салынатын тігін фабрикасы құрылысының қазығы қағылды. Жаңа өндіріс ошағы «Turkistan» индустриалды аймақта орналасқан. Өзбекстан Республикасы мен Түркістан облысы бірлескен жоба аясында салынатын фабрикада 1 мыңнан аса жұмыс орны ашылатын болады.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Өңірде қоғамдық көлікті жаңарту бойынша ауқымды бағдарлама басталды. Автобус паркі 2022 жылға дейін 50 пайызға жаңартылады. Жақында ғана 105 автобус сатып алынды. Жаңа автобустар Қарағанды және Теміртау қалаларында пайдалануға берілді. Қоғамдық көліктердің көпшілігі мүмкіндігі шектеулі адамдарды тасымалдауға бейімделген.

150 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

» Биыл бас қалада 150 аула және 50 қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов хабарлады.

«Кешкілік қаланы аралау барысында Алматы ауданындағы жаңа аулаларды абаттандыру жұмыстарымен таныстым. Қажымұқан көшесі, 15 пен Петров көшесі, 32-де тұрғындарға қолайлы жаңадан салынған аула бар. Бұрын бұл жер бос тұрған еді, енді тұрғындардың күнделікті уақытын өткізетін орнына айналды. Қала тұрғындарын қабылдау барысында азаматтар Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, 17/6 мекенжайын абаттандыру мәселесін көтерді. Ол жер батпақ болды, ал қазір алаң абаттандырылды. Футбол алаңы мен автотұрақ та бар. Аулалар барлық жастағы азаматтар үшін қолайлы, себебі олар спорт алаңдарымен де, балаларға арналған ойын аумақтарымен де, егде жастағы тұрғындардың демалысына арналған тыныш аймақтарымен де қамтылды» деп жазды А.Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасында.



Қала басшысы биыл абаттандыратын аулалардың тізімі бірнеше критерий бойынша жасалғанын жеткізді. «Біріншіден, қаланың ескі бөлігіне баса назар аударылды, онда аула алаңдары

ескірген, не мүлдем жоқ. Байқоңыр ауданында – 50 аула, Сарыарқада – 40, Алматыда – 33, Есіл ауданында – 20 аула абаттандырылады. Екіншіден, тұрғындар қабылдау барысында абаттандыру мәселесін көтеріп, нақты мекенжайларды атады. Сол мекенжайлар бойынша

кесте жасалып, жұмысқа алынды. Үшіншіден, аулаішілік емес учаскелердің абаттанбағанын жиі байқаймыз. Ол жерлер тынымбақтарға айналады. Биыл 150 ауладан басқа 50 қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, тынымбақтар) абаттандырамыз» деді А.Көлгінов.

БЮДЖЕТ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

» Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VI шақырылымының кезектен тыс сессиясы өтіп, оған мәслихат депутаттарымен бірге қала әкімінің орынбасары Асқар Амрин және бірқатар басқарма басшылары қатысты.

Сессия қарауына үш өзекті мәселе енгізілді. Бірінші: «Нұр-Сұлтан қаласының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 456/58-VI шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы. Бұл тақырып бойынша бас қаланың Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Манқараев баяндама жасады.

«Жергілікті бюджетті нақтылау кезінде қала бюджетінің кіріс бөлігін 16 млрд теңгеге арттыру ұсынылады. Сонымен қатар жергілікті бюджет

қаражатының игерілуіне жүргізілген мониторингтің нәтижелері бойынша жылдық жоспарлар, жеке бағдарламалар жасалды. Олар бірқатар жедел міндеттерді шешуге бағытталып отыр» деді басқарма басшысы.

Жаңа оқу жылы жақындап қалғаны анық. Соған орай Қ.Манқараев Білім басқармасына қосымша 3,19 млрд теңге бөлінетінін жеткізді. Бұған жалпы білім беру, интернеттің қолжетімді қызмет көрсетуі, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына мектеп формасын сатып алу және жыл соңына дейін мұғалімдерді ынталандыру секілді

бірқатар мәселелер қарастырылған.

Сондай-ақ сессияның екінші және үшінші мәселесінде жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу және елорда әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі мамандардың есебі тыңдалды.

ДЕРТТІ ЖЕҢГЕН ДӘРІГЕРЛЕР

» Коронавирус инфекциясы бар соңғы науқас Отан соғысы мүгедектеріне арналған орталық клиникалық ауруханадан шығарылды. Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес бұл госпиталь уақытша провизорлық аурухана есебінде коронавирустық инфекцияға күдігі бар науқастарды тексеруге және емдеуге ауыстырылған еді.



Емдеу орнына эпидемия кезіндегі жеті апта ішінде ковид-19 симптомдарымен 730 науқас түсті, оның ішінде нәтижесі оң 335 пациент өзге ауруханаларға жіберілді, қалғандарының бәрі емделіп, сауығып шықты. Бірде-бір өлім оқиғасы болған жоқ. Мұндағы науқастардың да жасы әртүрлі, яғни 18 бен 90 жас аралығында. Жақында аурухананың медициналық қызметкерлерінің білікті әрі қажырлы еңбегінің арқасында 68 жастағы қала тұрғыны Кенжетай Кожеков дертінен толық сауықты.

Емдеу орнында соңғы науқас емделіп шыққан соң, дезинфекция жұмыстары жүргізіледі. Осыдан кейін аурухана бұрынғы профилине сәйкес жұмысын қайта бастайды.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...



МАДИ МА, ӘЛДЕ МӘДИ МЕ?

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Кейде елордадағы көшеге есімі берілген тұлғалардың аты-жөні толық немесе анық жазылмағандықтан түсінбестік туып жатады. Кеше белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы хабарласып, осындай бір жағдай басынан өткендігін айтты. Несіпбек аға Караөткел тұрғын алабына барғанда «Мади» деген көшені көріп, «Бұл қай Мади?» деп әрі-сәрі ойлап қалыпты. Сөйтіп, ойының бір ұшы, бұл арқалы ақын, әнші – композитор Мәди Бәпиұлына берілген көше болар дегенге тіреледі.

Бірақ қазақ оны «Мәди» деп жазады. Ақын өзінің өлеңінде: «Бәпиден жалғыз туған Мәди едім» деп айтады. Онда көшеге «Мәди Бәпиұлы» деп толық жазу қажет.

– Қазақта тегімен емес, есімімен қалыптасқан тұлғалар бар. Мысалы, олар: Абылай, Абай, Шоқан, Ыбырай, Шәкәрім, Қажымұқан болып айтылады. Енді заңғар жазушы Мұхтар Әуезовті «Мұхтар» деп айта алмайсыз. Ол кісі фамилиясымен қалыптасқан. Оның үстіне Мұхтарлар көп. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановты да, академик Қаныш Сәтбаевты да солай толық жазу керек. Бір қуанарлығы, көшеге есімі берілген Біржан сал, Ақан сері аталарымыз дұрыс жазылған. Мысалы, атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлын «Ы.Дүкенұлы» көшесі деп жазыпты. Ал осыны кім біледі? Міне, осындай көше атауларында қателіктер бар. Соны қалалық әкімшілікке, осыған жауапты адамдарға құлаққағыс ретінде айтқым келеді, – деді Несіпбек Айтұлы.



9 БАҒЫТҚА – ҚОСЫМША АВТОБУС

» 17 тамыздан бастап қала ішіндегі 9 бағыт бойынша қосымша автобустар шығарылады. CTS көлік компаниясының баспасөз қызметі хабарлағандай, №5, 9, 10, 12, 24, 52, 54, 70, 72 бағыттағы автобустардың саны көбейеді.

«Біздің қызметкерлеріміз қаладағы жолаушылар ағынына талдау жүргізуде. Қажеттілік туындаса, басқа бағыттарда да өзгеріс енгізіледі. Ең бастысы, жолаушыларға маска тағуды және жол ақысын дер кезінде

«Біздің қызметкерлеріміз қаладағы жолаушылар ағынына талдау жасау жолаушылардың қажеттіліктерін уақытында анықтауға мүмкіндік беретінін айтады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Биыл облыстағы колледждердің 716 студенті жаңа жатақханаларға орналасады. Жақын арада өңірдегі колледж студенттеріне 2 жатақхана қолданысқа берілімек. Жалпы 2020-2022 жылдары 2848 орындық 7 жатақхана салу жоспарланған.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Алматы қаласының әр бөлігінде ауаны бақылайтын 10 автоматтандырылған станция орнатылды. Енді алматылықтар ауа сапасын Led-экран арқылы бақылай алатын болады. Атмосфералық ауаның ағымдағы жағдайы туралы ақпарат Led-экранға 26 датчиктен келіп түседі, ақпарат күніне үш рет жаңартылып тұрады. Қалада осындай тағы 10 мониторинг станциясын қосу жоспарланып отыр.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жалпақтөбе ауылындағы «Жамбыл ет» ЖШС-іне Ирландиядан ангус тұқымды ірі қара малдың алғашқы партиясы жеткізілді. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша аталған кәсіпорын 1000 бас ет бағытындағы тұқымдық малды сатып алды. 10-15 айлық тайыңшалар қазір карантинге қойылды. Тиісті күтімнен кейін жайылымға шығарылады. Қыркүйек айында тағы 600 бас жеткізілетін болады.



Алтай КӨЛГІНОВ:

«ЖАҒДАЙДЫҢ ӘРІ ҚАРАЙ ҚАЛАЙ БОЛАТЫНДЫҒЫ БӘРІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ»

– Қазақстанда карантинді 17 тамызға дейін ұзартқаны белгілі. Кейбір өңірлерде тіпті қатаң шектеулер енгізді. Астаналықтар 17 тамыздан кейін карантинді ұзарта ма, жоқ па, білмей отыр.

– Карантинді ұзарту немесе алып тастау эпидемиологиялық жағдайға байланысты. Қазіргі күні астанада дер кезінде карантин шараларын қабылдаудың және дәрігерлер күшінің арқасында эпидемиологиялық жағдай жақсара түскен. Біз енді карантиннен кейінгі кезеңге дайындалып жатырмыз. Кәсіпорындардың, бизнес басшыларының, иелерінің, сауда орталықтарын жалға алушылардың санитарлық нормаларды сақтауы жөнінде сөйлесіп жатырмыз. Индет жұқтыру қаупі жабық мекемелерде өте жоғары. Санитарлық нормалардың бұзылуына жол беруге болмайды. Адамдар шоғырланған жерлерге, жабық орындарға беттұмшасыз баруға болмайды, ол үшін заң бойынша жауапкершілік қарастырылған. Индеттің ұшығып кетпеуі өзімізге байланысты.

ОРВИ мерзімі келуін ескере отырып, күзге мұқият дайындалу қажет. Денсаулық сақтау нысандарын әзірлеп жатырмыз – 500 ден аса оттегі концентраторларын, соншама флуометрларды, арнайы төсектерді сатып алдық.

Біз бұған дейінгі қателерді қайталамауға тиіспіз, шамадан тыс менмен болмау керек. Беттұмша тағу міндетті. Қолдың гигиенасы мен әлеуметтік қашықтықты сақтау – бұл да орындалуы міндетті қарапайым шарттар. Аса қажет болмаса адамдар көп жиналатын жерлерге бармау керек. Қоғам вирустың барлығына сенбеді, адамдар

» Астанада карантинді ұзарта ма? Жаңа оқу жылы қалай басталады? Проблемалы үйлер қашан салынып бітеді? Осы және басқа да өзекті сұрақтарға елорда әкімі Алтай КӨЛГІНОВ Elorda Aqparat медиахолдингі мен «Астана» телеарнасының ELORDA LIVE бірлескен жобасының эфирінде жауап береді.

көп жиналатын жерлерде жүрді, түрлі жиындар өткізді. Әркім өзінің денсаулығына жауапты екенін түсінуі тиіс. Мемлекеттік орган ретінде біз оны түсіндіреміз, бақылаймыз, бұл біздің ортақ міндетіміз. Индет үйінің табалдырығынан аттамауы үшін әркім қолынан келгенін бәрін жасауы керек.

Бизнес, сауда нысандарының басшыларын бір мезетте 30-40 адамның ыстығын тексере алатын тепловизорларды қолдануға шақырамыз. Мұндай тепловизорларды біз емханаларға орнаттық. Күзде ОРВИ маусымында индетке ұшырау қаупі ұлғаяды, оған селқос қарауға болмайды. Сондықтан біз ол туралы ашық айтамыз, сақ болу қажет.

ҚАТАҢ ШАРАЛАР НӘТИЖЕ БЕРДІ

– Карантин шараларының арқасында нақты қандай жетістіктерге қол жеткізілді?

– Біріншіден, карантин шаралары индеттің таралу екінін бәсеңдетті. Президенттің карантин жариялағаны бәрімізге жақсы көмек болды. 5 шілдеден 12 тамыз күніне дейін дәрігерді шақыру саны үш есе төмендеді. Оның ішінде КВИ белгілері бар шақырулар бойынша тәулігіне 500-ден қазір 40-қа түсті, көрсеткіш 12 есе азайды.

Стационарлар 99 пайызға толды және қосымша күн сайын жаңасын ашып отыруға мәжбүр болдық. Біз теміржол ауруханасын инфекциялық карантин

стационары етіп қайта жасақтадық, 1- қалалық аурухананы, 2-ші, 3-ші, балалар ауруханасын жасақтадық, өте жедел түрде «Рамада Плаза» мемлекеттік материалдық резервтерден төсектер қойдық. ПМ-нің госпиталы, республикалық кардиохирургиялық орталық – барлығы 16 стационар жұмыс істеді және олардың бәріне дерлік науқастар 100 пайызға толды.

Карантин шараларының арқасында төсектердің жүктемелігі қазіргі күні 14 пайызды құрады. Жансақтау бөлімінің толықтылығы 3,7 есе төмендеді. Қазіргі күні біз 4 инфекциялық стационарды жаптық, келесі аптада тағы бесеуін жабамыз. Яғни, жағдай қалыпқа түсіп келеді. Оң үрдіс бар. Бірақ оған босаңсымауымыз керек, өткеннен сабақ алуға тиіспіз. Дәрігерлерге оңай болған жоқ. Өте қиын тиді, бірақ олар науқастарды жазып шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасады.

Естеріңізде шығар, бәрін жүре-бара үйренуге тура келді: емдеу хаттамасы өзгертілді, халықаралық тәжірибелер зерттелді, дәрілерді жедел сатып алу керек болды. Жағдай соған мәжбүр етті.

Фармацевтік компаниялардың дистрибуторларына қаржы бөліктік, әйтсе де бұл олардың өз бизнесі болатын, қалыптастыру қорын құруға тура келді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз еткен сияқты олардың айналым капиталына қаржы бөліктік. Естеріңізде шығар, бұл уақыттарда дәріхана-

«**Карантин шараларының арқасында төсектердің жүктемелігі қазіргі күні 14 пайызды құрады. Жансақтау бөлімінің толықтылығы 3,7 есе төмендеді. Қазіргі күні біз 4 инфекциялық стационарды жаптық, келесі аптада тағы бесеуін жабамыз. Яғни, жағдай қалыпқа түсіп келеді. Оң үрдіс бар. Бірақ оған босаңсымауымыз керек, өткеннен сабақ алуға тиіспіз**»

ларда үлкен кезек болатын, ел абыр-сабыр болды, кейбіреулер дәрі-дәрмекті кереметінен артық сатып алып, нақты дәріге мұқтаждарды ештеңесіз қалдырды.

Осы уақыт ішінде 10 борттай дәрі-дәрмек жеткіздік: ыстықты түсіретін, антибиотиктер, вируске қарсы, антикоагулянттар, қанды сұйылтатын. Күзде осы жағдай қайталанбас үшін біз қазір Денсаулық сақтау министрлігімен, «СК-Фармациямен» бірлесіп қор жинау бойынша

жұмыс істеп жатырмыз. 500 оттегі концентраторларын алуға бюджеттен ақша бөліктік, 200-ден астамын демешілер алып берді. Олардың саны қазір 700-ге жетті. Енді біздің дәрігерлер оттегіні жылдамдатып беретін аппарат бар екенін айтады, оның нәтижелілігі жоғары. Біз осы жабдықтарды алуға бюджеттен қаржы бөліктік. Қосымша ИВЛ аппараттарын сатып алып жатырмыз. Денсаулық сақтау министрлігі де сатып алып жатыр. Олардың бәрін жедел сатып алдық, олардың көп бөлігі қазір стационарларда қолданыста, бірақ күзге тағы қамданып жатырмыз. «Рамада Плазаға» 500 аурухана төсектерін алдық. Алғашқы кездері, жедел қимылдау керек болғанда, мемлекеттік материалдық резервтен әскери төсектер алғанбыз, үлкен стадиондарды соған сай жарақтауға дайын болғанбыз. Абырой болғанда жағдай оған жеткізген жоқ. Карантин шаралары көмектесті. Бірақ біз өмір бойы карантин жағдайында бола алмаймыз.

ДЕРТ САЛДАРЫН ЖОЮУ КЕРЕК

Осы уақыт ішінде уақытша жұмыссыз қалған адамдарға көмек ретінде мемлекет көп қаржы бөлікті, төменгі жаалақы төледі. Екінші рет қайтадан карантин жарияланғанда көмек алу үшін 160 мың өтініш түсті, 134 мың адамға ол қайта төленді. Оның алдында 300 мың адам болған. Бұл экономикаға көп салмақ түсірді. Шағын және орта бизнес, көптеген қызмет

көрсету салалары карантин кезінде тоқтап қалды, бұл адамдардың денсаулығы үшін, бизнесмендер оны түсінді. Бірақ ақырындап карантиннен шығу керек. Өзімізді тәртіпке бағындыруымыз керек. Қазір карантиннен кейінгі кезеңге мұқият дайындалып жатырмыз. Шағын және орта бизнестің, қызмет көрсету салаларының, әлеуметтік нысандардың өкілдерімен күн сайын жұмыс істеп жатырмыз.

Карантин кезінде емханалар жоспарлы ем-шараларды тоқтатқан болатын, тек COVID-пен ғана айналысуға мәжбүр болды. 90, 70, 50 мың пациент бекітілген емханалар бар. Дәрігерлер үшін оның қандай зор жүктеме екенін түсінетін шығарсыздар!

Дәрігерлердің жетіспеушілігін колледж түлектерін жедел жұмылдыру арқылы шештік. Ол шамамен – 300. Бұл біздің резиденттер, медицина университеттерінің түлектері әрі қарай оқуларын резиденттурада жалғастыру және бір мезетте инфекциялық стационарларда жұмыс істеу үшін жарты миллиард теңгенің грантын бөліктік.

Енді карантин шараларының арқасында жағдай тұрақталды. Жағдай жақсарды. 3-ауруханада бүгінгі күні 7 адам жатыр, индет өршіп тұрғанда 426 науқас болған. 1-ауруханада 757 науқасқа жеткен, қазір онда 32 адам жатыр. Жаңа модульдік инфекциялық ауруханада 200 төсек орнын жасақтағанбыз, қазір 96 пациент жатыр.

Карантин шараларын алып тастағанның өзінде біз вируске бұйрық бере алмайтынымызды түсінуіміз керек. Барлық мемлекеттердің басындағы жайт осы. Дамыған елдер – Ұлыбритания, Испания, Италия, АҚШ және олардың инфрақұрылымда-

ры осындай жүктемеге тап болды. Оның бәрін интернет арқылы көріп-біліп отырмыз. Біз де арнайы сайт пен ситуациялық орталық құрдық. Алғашқы кездері қалай болғаны естеріңізде болар: пациентті 1-ші қалалық ауруханаға апаратын, ол толғанда 2-ші, 3-ші ауруханаларға апарды. Шағым көп болды. Ситуациялық орталықты сол үшін құрдық, оған барлық ақпарат салынып тұрды: барша бос төсек орындары онлайн-режимде көрсетіліп тұрды, ситуациялық орталық науқастарды ретімен бөлді. Уақыт өте келе тәжірибе жинадық, ол қазір көп көмек болды. Енді күздің ОРВИ маусымына дайындалуымыз керек. Біз, сондай-ақ, ПЦР-тесттерді өткізу үшін зертханалар санын көбейттік, меджабдықтар сатып алдық. Бірақ, ауруханаға түспеу үшін өзіміз сақ болуға тиіспіз.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАЛУДАМЫЗ, БІРАҚ КӨПТЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР БАР

– Пандемия білім саласына айтарлықтай әсер етті. Қазір көптеген ата-аналар оқу процесіне алаңдайды. Оқу жылы қалай ұйымдастырылады?

– Вирус барлық жоспарға, соның ішінде білім беру саласына өзгерістер енгізді. Біз мектептердің дайындығын қамтамасыз етудеміз. Әрине, қашықтан оқыту болады, бұл балалар мен мұғалімдердің, жалпы алғанда, әр отбасының қауіпсіздігі үшін қажет. Бізде 200 мыңнан аса оқушы бар. Бастауыш буын кезекші сыныптарда оқи алады. Кейбір отбасыларда ата-ананың екеуі де жұмыс істейтіндіктен, балаларын қалдыратын жерлері жоқ. Балабақшаларда кезекшілік бойынша топтар жұмыс істейді, 15 адамнан аспайды. Бастауыш сыныптарда да солай, бір сыныпта 15 адамнан аспауы тиіс. Биыл 25 мың бала бірінші сыныпқа баруы керек, дәл осы уақытта 17 мың мектепке баруға өтініш білдірді. Мұғалімдер бұған дайындалуда, бірақ тамақ берілмейді, өйткені бұл қазірдің өзінде қауіпті саналады.

Оқулықтарды сатып аламыз. Қазірдің өзінде 1,5 миллиардқа жуық оқулық сатып алынды. Бұл үшін 2 миллиард 300 миллион теңге бөлінді. Кітаптардың көбі келді.

Компьютерге қатысты мәселелер жетерлік. Компьютер сатып алуға мүмкіндігі жоқ отбасылар бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет қаржыландырды, тек компьютерлерді сатып алуға жергілікті және республикалық бюджеттен 6 миллиард теңге бөлінді. Бұл шамамен 35 мың компьютер. Бірінші кезекте оларды жетім балалар, ерекше қажеттіліктері бар балалар, аз қамтылған, көп балалы отбасылар, яғни халықтың әлеуметтік әлсіз санаттары алады. Біз оларды қашықтан оқыту кезінде мемлекет есебінен қамтамасыз етеміз. Өтініштер келіп түсті. Бес баладан көп отбасыларға екі компьютерден



береміз. Сонымен қатар шамамен 23 мың роутер қарастырылған.

Қалада интернет жүйесі әлсіз жерлер бар. Біз бұл туралы ҚР Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, қосымша антенналар, роутерлер орнатып жатырмыз. Бұл осы сын кезеңде орын алып отырған қиындықтар.

Сонымен қатар, қазір мектепке дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Аз қамтылған отбасыларға мемлекет қаражаты есебінен мектеп формасын сатып алуға көмектесеміз. Былтыр бір оқушыға 30 мың теңге болса, биыл 40 мың теңге болды. Егер алдыңғы жылдары 6 мың бала көмек алса, биыл 13 мыңға жуық оқушыға осындай қолдау көрсетіледі. Бұл әлеуметтік осал топтардағы балалар, ерекше қажеттіліктері бар балалар тәрбиеленетін отбасылар, аз қамтылған, жетім балалар және көп балалы отбасыларға берілетін көмек. Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы болады, біз бұл бағытта «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасымен, отандық мектеп формасын өндірушілермен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Аз қамтылған отбасыларға да қолдау білдіреміз. Бұл ақша тек мектепке киім сатып алуға бағытталған.

– Бұған дейін Нұр-Сұлтанда, әсіресе бастауыш сыныптарда мұғалімдер жетіспейтіндігі хабарланған болатын. Бұл мәселені қалай шешесіздер?

– Тұрғындар саны геометриялық қарқынмен өсуде. Қазір 1 миллион 200 мың тұрғын бар. Мектепке баратын балалар жыл сайын көбейіп келеді. Өткен жылы 24 мың бала бірінші сыныпқа барған болса, биыл 25 мың болды. 6 мың бала мектеп бітірді, ал қыркүйекте 25 мың оқушы келеді – бұл шамамен төрт есе көп, ал мұғалімдер саны бұрынғы-

ша. Осы себепті мектептерге салмақ түсіп отыр, оның бәрінен хабардармыз.

Бүгінде 22 мектепте оқушылар саны шамадан тыс көп. Қалада үш ауысымдық сегіз мектеп бар. Өткен жылы 5 мың орындық мектептер салынды, егер екі ауысымда оқыса – 10 мың орын. Биыл 10 мың орындық 12 мектептің құрылысын аяқтап жатырмыз, яғни екі ауысымда 20 мың орын қамтамасыз етіледі.

Келесі жылға да дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біз мектептер құрылысын салуды мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жүйесі арқылы бастаймыз. Көріп отырғаныңыздай, коронавирус дағдарысы өмірімізге, жоспарымызға айтарлықтай өзгерістер енгізді. Көптеген ұнемделген, оңтайландырылған қаражат әлеуметтік салаға бағытталды. Бюджет шамамен 35 миллиард теңгеге оңтайландырылды және оның көп бөлігі әлеуметтік саланы қолдауға, коронавирустық дағдарысқа, COVID-ке қарсы күреске бағытталды. 2021 жылы ашылатын 20 мың орындық мектептердің құрылысына дайындық жұмыстарын жүргізуіміз. Егер екі ауысым болса, бұл 40 мың орынды қамтамасыз етуге көмектеседі.

МҰҒАЛІМ МЕН ДӘРІГЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Қазіргі уақытта 500 мұғалім, сонымен бірге дәрігерлер жетіспейді. Өткен жылы 400 дәрігер жетіспеді, және індет кезінде олар үлкен жүктемені, ауыр сынды бастан өткерді. Сондықтан шұғыл түрде кадрлар тартылып, оларға әлеуметтік қолдау көрсетілді. Президент тапсырмасымен коронавируспен күресу үшін қосымша төлемдер жасалды. Педагогтарға келетін болсақ,

жас кадрларды тартатын боламыз. Бұл педагогикалық колледждер мен университеттердің түлектері. Биыл мектептерімізге 500-ге жуық жас кадр келеді. Әрине, олар қосымша ақы төленетін біліктілігін арттыруы керек. Бұл сонымен қатар мұғалімдер үшін қосымша ынталандыру және әлеуметтік қолдау пакеті болмақ. Президент «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойды, ол мұғалімнің мүмкіндіктерін күшейтеді, жалақыны көтереді.

Елордаға әр аймақтан мұғалімдер келеді. Пандемиядан бұрын біз оқыту және тәжірибе алмасу үшін мұғалімдер тобын Кембриджке жіберіп, сол жерден мамандар шақырып отырдық. Бұл бағдарлама жақсы жұмыс істеді, бірақ коронавирус жұмысқа кезінде тоқтатылды. Жұмысты мұғалімдерді даярлау орталығымен бірге жалғастырамыз. Мектептер саламыз, ал білім сапасының қандай болатыны мұғалімдерге байланысты. Оларға қолдау керек, әлеуметтік қолдау әрқашан маңызды.

Отандық ипотекалық компаниямен келісім жасалды. Жыл соңына қарай сатып алу құқығы бар пәтерлер беретін боламыз. Бұл мақсатты бағдарлама бойынша – мұғалімдерге, дәрігерлерге, әлеуметтік қызметкерлерге, полиция қызметкерлеріне қолдау көрсетуге, яғни тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін ақша бөлінеді. 8000 пәтердің 1000-ы осы санатқа арналғын болады.

– Елордалық үш ауысымды мектептер қашан жойылады?

– Біз осы бағытта көп жұмыс істеп жатырмыз, бірақ бәрі көші-қон мен демографияға байланысты. Биыл біз 12 мектеп саламыз, үш ауысымды сегіз мектептен үшеуінің мәселесі шешіледі. 22 мектеп шамадан тыс то-

лық, дегенмен олардың да кейбіреуі үш ауысымнан алынып тасталады. Тұрғындар саны өсті, сондықтан инфрақұрылым да соған сай болуы тиіс.

ЕШКІМ ДЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

– Үлескерлердің мәселелері қалай шешіліп жатыр?

– Дағдарыстың үлескерлердің проблемаларына әсер етпеуі үшін мемлекет қолдан келгенін жасауда. Биыл біз 8 мың отбасы тұратын 20 тұрғын үй кешенін пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Дағдарыс бұл саланы да айналып өткен жоқ, ауру өршіген кезеңде кейбір құрылысшылар ауырып қалды, кей жерде құрылыс қарқыны бәсеңдеді. Осыған қарамастан күн сайын осы мәселені шешумен айналысамыз.

Бір пәтерді бірнеше адамға сатқан жағдайлар болды. Бұл қылмыс үшін көптеген адамдар жауапқа тартылды. Мемлекет үлескерлерді өз қиындықтарымен бетпе-бет қалып қоймас үшін ақша бөледі. Бірақ мұның қайтарылатын қаражат екенін түсінуіміз керек: үйді салып бітіру керек, құрылысшыларға жалақы төлеу керек.

Ең күрделі нысан – Жағалау ауданындағы үй, 30-бөлік. Ол іс жүзінде дайын, бірақ мердігер сенімді ақтамады, уәде береді, орындамайды, енді оған сенбейміз. Күнделікті бақылау да ұйымдастырылды. Ақша бар, тек мердігер жұмыс жасау керек. Кейде мынадай парадокс бар: жұмыс жүру үшін ақша саласын, бірақ, ол нәтиже бермейді. Ондайда жұмысты жасай алатын адамға тапсыру керек дейміз. Сотқа жүгінуге тура келеді.

Өткен жылы халықпен кездескенде эмоцияға ерік бергендер өте көп болды. Барлық жұмыстар жүріп жатыр, бірақ оларды аяқтауға уақыт қажет. Елордада 52 проблемалық нысан болса, қазір олардың саны азайды. Біз үлескерлерге ешкімнің назардан тыс қалмайтынын айтамыз.

– Биыл 8 мың әлеуметтік пәтер салынады. Бұл астананың бүкіл тарихындағы рекордтық сандар. Бұл пәтерлер қалай бөлінеді?

– Мемлекет басшысы әлеуметтік тұрғын үй құрылысының көлемін үш есеге арттыруды тапсырды. 2018 жылы 1100 пәтер берілсе, 2019

жылы 2900 пәтер пайдалануға берілді, биыл – 8000 әлеуметтік тұрғын үй берілмек. Бұл пәтерлер «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына, тұрғындардың әлеуметтік әлсіз топтарына, пәтер кезегінде тұрғандарға, үйлер бұзылып жатқан апаттық жағдайдағы үйлердің тұрғындарына, мұғалімдер мен дәрігерлерге, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға таратылады. Біз пәтерлерді пропорционалды түрде бөлеміз. Баспана мәселесі талай жылдан бері келе жатқан мәселе, қазір қалада 46 мың адам баспана кезегінде тұр. Ол кезекке сәйкес беріледі. Бұл мәселе бойынша сұрақтар көп, сондықтан біз Тұрғын үй басқармасын құрдық.

Сонымен бірге азаматтарымыз әртүрлі органдарға жүгірмеуі үшін, құжат рәсімдеумен айналысатын барлық органдар бір жерде болатын тұрғын үй орталығын ашқымыз келеді.

ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ГАЗ КЕЛЕДІ

– Нұр-Сұлтанда газдандырудың бірінші кезеңі жүзеге асырылуда және газбен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру басталды. Көгілдір отын қай аудандарға жеткізілді және тұрғындар үйіне газ кіргізу үшін қайда барады?

– Елорданы газдандыру – бұл Елбасының, Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бес әлеуметтік бастамасы аясында жүзеге асырылатын стратегиялық жобасы. Бұл мәселе Мемлекет басшысының ерекше бақылауында.

Биыл газ Көктал, Көктал-2, Агроқалашық, Железнодорожный, Промышленный тұрғын алабына жеткізіледі. Сондай-ақ, 1-2 ЖЭО газға ауыстырылуда, тұрғын аудандарда газ тарату желілері салынууда. Штабтар ашылды, онда жеке үйлердің иелеріне газға қосылуға техникалық жағдай жасалған. Біз үйлерге газ құбырларын тартамыз, газ есептегішпен қамтамасыз етеміз, ал үйдің аумағында және ішінде иелері лицензияланған компанияны жалдап, қажетті жабдықтар мен желілерді орнатады. Газдандырудың арқасында ауаға шығарылатын зиянды қалдықтар көлемі 40 мың тоннаға азаятын болады.



КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН АЛЫНАДЫ

Мемлекеттік комиссия 2020 жылғы 17 тамыздан бастап Карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын бекітті. Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен мемлекеттік комиссия отырысында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспары қаралды.

PRIMEMINISTER.KZ
 МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ 2020 ЖЫЛҒЫ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН АЛЫП ТАСТАУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

2020 ЖЫЛҒЫ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП ҚР БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕ:

- АШЫҚ АУАДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР ЖАСАУҒА (5 адамнан артық емес) ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА, КЛУБ КОМАНДАЛАРЫ ҮШІН СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР ЖАСАУҒА (30 адамнан артық емес, спорт базаларында тұру, эпидемияға қарсы шараларды және алдын алу шараларын сақтау) РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ;
- ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР СОҢҒЫ АЯЛДАМАДА ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУ МЕН ЖЕЛДЕТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУМЕН, ОТЫРҒЫЗУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТОЛУЫНА ҚАРАЙ ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ОДАН ӨРІ ТҰРАҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА **ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ САҚТАЛАДЫ**

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

PRIMEMINISTER.KZ
 МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ 2020 ЖЫЛҒЫ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН АЛЫП ТАСТАУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

2020 ЖЫЛҒЫ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРДЕ ЖҰМЫСЫН ҚАЙТА БАСТАЙТЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ БЕКІТІЛДІ:

- СОСУ, САУДА ҮЙЛЕРІ (бутиктер), САУДА ЖЕЛІЛЕРІ, ЖАБЫҚ БАЗАРЛАР (толымдылығы 30%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш. м.);
- СКЛУЛЫҚ САЛОНДАРЫ, ШАШТАРАЗ, СПА ОРТАЛЫҚТАРЫ, КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН НЫСАНДАР (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 4 ш. м.);
- БАССЕЙНІ ЖОҚ ФИТНЕС ОРТАЛЫҚТАР (толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 5 ш. м.), БАССЕЙНІ ЖОҚ МОҢШАЛАР МЕН САУНАЛАР (толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш. м.);
- БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТҮЗЕТУ КАБИНЕТТЕРІ, БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ (топтарда – 5 адамнан артық емес, жазылу бойынша);
- МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ КЕЗЕКШІ ТОПТАРЫ (15 адамнан артық емес);
- АШЫҚ АУАДАҒЫ АТТРАКЦИОНДАР (қашықтықты сақтау, маска тағу, адам ағынын реттеу)

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІН КЕМІНДЕ 80% ҮШІН ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ФОРМАТЫН САҚТАУ ҰСЫНЫЛАДЫ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ОДАН ӨРІ ТҰРАҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА **ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ САҚТАЛАДЫ**

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

PRIMEMINISTER.KZ
 МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ 2020 ЖЫЛҒЫ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН АЛЫП ТАСТАУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

САЛЫНҒАН ТЫЙЫМ САҚТАЛАДЫ:

- ОЙЫН-САУЫҚ, СПОРТТЫҚ, ОТБАСЫЛЫҚ, ЕСТЕЛІК, САЛТАНАТТЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БУҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУГЕ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҮЙДЕ ӨТКІЗУГЕ;
- БАРЛАРДЫҢ, ТҮНГІ ЖӘНЕ ОЙЫН КЛУБТАРЫНЫҢ, КАРАОКЕ, ФУДКОРТТАРДЫҢ, КИНОТЕАТРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАСҚА ДА ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА;
- МӘДЕНИЕТ НЫСАНДАРЫНЫҢ, МУЗЕЙЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, КӨРМЕЛЕР, ФОРУМДАР ӨТКІЗУГЕ;
- БАССЕЙНДЕР, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҒАЖАЙЛАР, АШЫҚ АКВАПАРКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА;
- ДНИ НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА;
- ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙІЗДАРЫНЫҢ, ЭЛЕКТРИККАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНА, ЖҰМЫС ПОЙІЗДАРЫН, ҚАЛААРАЛЫҚ АВТОБУСТАРДЫ/МИКРОАВТОБУСТАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ОРТАҚ ВАГОНДАРДЫ ҚҰРҒА

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ОДАН ӨРІ ТҰРАҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА **ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ САҚТАЛАДЫ**

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, шектеу шараларын жеңілдету жөніндегі ұсыныстар, өңірлер мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметті қайта бастауға дайындығы туралы денсаулық сақтау министрі А.Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев, Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбек, Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев, Атырау облысының әкімі М.Досмұхамбетов, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы А.Мырзахметов және т. б. баяндады.

«Маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтау – барлық адамдар үшін сақталуы тиіс міндетті санитарлық талаптар және бұл азаматтардың күнделікті өміріндегі ережелерге айналуы қажет. Бизнес субъектілерінің қызметін олар толық дайын болған жағдайда ғана қайта бастау қажет» деді Үкімет басшысы.

КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ ЖАНДАНАДЫ?

Елордада санитарлық-эпидемиологиялық сала мамандары мен Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы бірлесіп карантин тәртібінің жеңілдеуіне орай кәсіпкерлік қызметтің бірқатар нысандарын аралады. Кәсіпорындардың жұмысын жандандыруға дайындығын тексерді.

Мобильді топ «Технодом» тұрмыстық техника және электроника дүкені, «Хан шатыр» сауда ойын-сауық орталығы, «FERRUM» мейрамханасы, «Керамика әлемі» сауда орны мен «Aisha Bibi» қонақ үйін аралап, аталмыш нысандарда санитарлық қорғаныс құралдарының (санитайзерлер, тепловизорлар, маскалар және т.б.) бар-жоғы және тиісті талаптардың орындалуын тексерді, барлық санитарлық талаптар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Біз бас санитардың қаулысына бағынамыз, қонақтар мен қызметкерлерге беттерде береміз, барлық жерде санитарлық қорғаныс құралдары орнатылатын болады. Бүгін айтылған ұсыныстар мен ескертпелер – біз үшін маңызды. Беттұмша тағу тәртібін қадағалап отыру қажет. Сауда орнының сыйымдылығы 30 пайыздан аспайтын болады» деді «Технодом» дүкені қалалық бөлімшелер бірі директоры Бөтағөз Баймұхан.

Мобильді топ мүшелері келесі кезекте «Хан шатыр» сауда ойын-сауық орталығына жол тартты. «Сауда үйіне кіре берісте өздігіннен жұмыс істейтін температураны бақылауға арналған құрылғы орнатылған. Бүгінде сағат 17:00-ге дейін қызмет көрсетіледі, дәрихана мен супермаркет қана жұмыс істеп жатыр» деді «Хан шатыр» сауда ойын-сауық орталығының операциялық менеджері Темірбек Шоқанов.

Сондай-ақ оның айтуынша, дезинфекция жүргізетін компания-

мен қосымша шарт жасалыпты. Демалыс күндері орталықта ауқымды дезинфекция жұмыстары жүргізілмек.

Ал «FERRUM» мейрамханасында арнайы мамандар қызметкерлерге жұмыс істеу алгоритмі мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын түсіндірді.

«Біз қонақтардың әлеуметтік арақашықтықты сақтауы үшін

еденге арнайы белгілер орнаттық. Егер олар бетпердесіз болса, бір реттік масканы ұсынамыз, температурасын өлшейміз. Дене температурасы 37 градустан жоғары болса, ішке кіре алмайды. Кешірім сұрап, сыпайы түрде мейрамханадан шығып кетуге өтінеміз. Зал 40 адамға есептелген, бірақ қазір 24 орынға дейін қысқарды» дейді «FERRUM» мейрамханасының әкімшісі Раушан Әшімхан.

«Aisha Bibi» қонақ үйінің басқарушы директоры Наталья Цой санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталатынына сендірді. Айтылған сын-ескертпелерге құлақ асып, аз уақытта жөнге келтіретінін айтты. «Бізде антисептиктер мен



маскалардың сапасына арналған арнайы сертификаттар бар, тек қана тексерілген медициналық антисептик қолданамыз. Бүгінде қонақ үйде 15-ке жуық қызметкер жұмыс істейді. Келушілер аз, банкет залы жабық, тек жазғы терраса жұмыс істейді. Жазғы террасада 30-дан аса орындық қойылған, мұны реттейміз. Арақашықтық сақталмаған орындарды жөнге келтіреміз» деді ол.

«Керамика әлемі» сауда орнының жетекшісі барлық талаптарға сай жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Дүкен қызметкерлері, келушілер барлық санитарлық талаптарды сақтайды. Адамдардың ағыны аз. Қазір 10 қызметкер жұмыс істейді, ауысмы бойынша кезектеседі, санитайзерлер мен антисептиктер орнатылды. Сатып алушылардың әлеуметтік арақашықтықты сақтауы үшін еденге арнайы белгілер орнату қажет, оны тез арада түзетеміз» деп уәде берді сауда үйінің директоры Коркмазова Мәдір.

«Бүгін біз бизнес нысандарының жұмысымен таныстық, санитарлық талаптардың сақталуына бақылау

жүргіздік. Қазіргі кезде эпидемиологиялық жағдайды одан өрі тұрақтандыру мақсатында демалыс күндері шектеу шаралары сақталады» деді Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмырзаев.

Оның айтуынша, елордалық бизнес нысандары карантин тәртібінің жеңілдеуіне орай дайындық жұмыстарын жүргізуде. «Санитарлық-эпидемиологиялық сала мамандарымен бірге кемшіліктер анықталды. Оны түзетуге де уақыт бар. Менің ойымша, әр кәсіпкер коронавирус қаупін түсінеді және санитарлық талаптарды сақтауға жауапкершілікпен қарайды. Ал қала тұрғындары аталған талаптарға бағыну қажет» деп түйіндеді Ерлан Бекмырзаев.

Наи́ма НУРА́ЛЫҚЫЗЫ



АҚШ ПЕН ҚЫТАЙ: НЕГЕ ҚЫРҒИҚАБАҚ?

» Қытай мен АҚШ арасындағы араздық күн өткен сайын асқынып барады. Екі алпауыт елдің арасындағы бұл текетіресті «екінші қырғиқабақ соғысы» деп сипаттап жатқан сарапшылар да бар. Жақында Чехияға сапарлай барған АҚШ мемлекеттік хатшысы Майк Помпео «Қытай мен АҚШ арасында екінші кезекті қырғиқабақ соғысы жүріп жатқан жоқ. Алайда қазір Қытай қауіп-қатеріне қарсы тұруда біз ойламаған қиыншылықтарға дөп келдік» деп атап көрсетті.



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ҮЗУГЕ ШАҚ ҚАЛДЫ

Шілденің соңында АҚШ Бейжіңге Қытайдың Хьюстондағы (Техас штаты) консулдығын жабууды бұйырды, консул қызметкерлерінің 3 күн ішінде шығып кетуін талап етті. АҚШ-тың аяқастынан шығарған бұл шешімі бүкіл дүниені дүрліктірген тосын оқиға болды. Себебі 1979 жылы ашылған Хьюстон консулдығы Қытайдың АҚШ жерінен ең алдымен ашқан консулдығы болатын. Ол Техас, Оклахома, Арканзас, Миссисипи, Алабама, Джорджия, Флорида және Пуэрто-Рико секілді сегіз штаттың консулдық мәселелерін шешеді. Консулдықтың не себепті жабылғанына түсінік берген АҚШ мемлекеттік департаментінің өкілі Морган америкалық зияткерлік меншік пен жеке ақпаратты қорғау мақсатында осындай қадам жасалғанын айтып, дипломаттардың өздері орналасқан елдің ішкі ісіне араласуына құқығы жоқ екенін еске салды. Департамент өкілінің бұл сөзіне қарағанда, Қытай консулдығы АҚШ-та тыңшылық жасап, Техастағы ірі емханалардың коронавирус жайлы

зерттеу нәтижелерін ұрлауға тырысқан болуы мүмкін.

АҚШ-тың әрекетіне жауап ретінде Қытай билігі де АҚШ-тың Чэнду қаласындағы консулдығын жауып, «АҚШ-тың аталған қаладағы консулдықты басқару құқығы жойылғанын» ресми түрде хабарлады. Сол күні кеште АҚШ дипломаттары еліне қайтты. Бірнеше күннен кейін АҚШ-тың Бейжіңдегі консулдығы да өз мүліктерін арзан бағада сататыны жөнінде хабарлама шығарды. Бұл жағдайға алаңдаған сарапшылар «екі ел қатынасы ушыға берсе, Бейжің мен Вашингтон дипломатиялық қатынасты үзуі де мүмкін» деп қауіптенді. Оның үстіне, АҚШ президенті Дональд Трамптың бұл жағдайға байланысты «бәрі де мүмкін» деген емеурін танытуы, шынмен де, АҚШ-Қытай қатынасы қыл үстінде тұрғанын анық аңғартты.

Консулдықтар жабылған соң, АҚШ мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Вашингтондағы Никсон президенттік кітапханасында «коммунистік Қытай және еркін әлемнің болашағы» деген тақырыпта сөз сөйлеп, Американың одақтас елдерін Қытай коммунистік партиясының ғаламдық «гегемониялық»

екініне бірігіп қарсы тұруға шақырды. АҚШ-тың ондаған жылдар бойы Бейжіңмен ынтымақтастығынан ойдағыдай нәтиже шықпағанын, Қытайдың демократияға қарай бет бұрмағанын, керісінше, әлемдік кісілік құқық еркіндігіне зор қатер төндіргенін ашып айтқан ол сөзінің соңын «Қытайды өзгерту керек» деп түйіндеді.

ҚАРСЫЛЫҚ САНКЦИЯҒА ҰЛАСТЫ

АҚШ президенті Трамп Шыңжаңдағы қысым үшін Қытайға санкция салатын заңға қол қоюы да бықсып жатқан отқа май құйғанмен бірдей болды. Сонымен қатар, АҚШ Қытай коммунистеріне виза беруді тоқтатты, Шыңжаңдағы ұйғыр, қазақ және өзге де мұсылмандарды қудалауға атсалысқан 11 қытайлық компанияға санкция салып, Гонконгты АҚШ-пен сауда қатынасындағы ерекше мәртебесінен айырды. Трамп АҚШ-тың мұндай қадамға Қытайды жазалау мақсатында барғанын айтып, Бейжің Британияның бұрынғы колониясы – Гонконгта «басып-жаншу әрекеттерін» жасады деп айыптады.

Reuters агенттігінің жазуынша, АҚШ-тың бұл қадамы өзіне де соққы болып тиюі мүмкін. Себебі АҚШ-тың ең үлкен оң сальдосы Гонконгпен сауда қатынасында байқалып отыр. АҚШ Census Bureau-дың мәліметінше, өткен жылы Гонконгпен сауда қатынасындағы сальдо 26,1 миллиард долларды құраған. Сондай-ақ Гонконгта АҚШ-тың 85 мың азаматы тұрады және 1300 компаниясы жұмыс істейді.

АҚШ-тың Гонконг мәселесіне шүйлігуіне Қытайдың «қауіпсіздік туралы жаңа заңын» қабылдауы себеп болды. Аталған заңды сынаушы-

лар «бұл заң Гонконг 1997 жылы Қытайға өткенде Бейжің уәде еткен еркіндіктерді жояды» деп алаңдаса, заңды жақтаушылар үкіметке қарсы наразылық шаралары бір жылға жалғасқан Гонконгта тұрақтылық орнатуға мүмкіндік береді деп есептейді.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІ ДЕ ҚҰРСАУЛАНДЫ

АҚШ президенті Дональд Трамп 7 тамызда қытайлық Tiktok және WeChat қосымшаларының иелерімен кез келген дәрежеде келісім жасауға тыйым салатын жарлыққа қол қойды. Құжат 45 күннен кейін күшіне енеді. Жарлықта Tiktok-тың Қытай коммунистік партиясының мүддесі үшін жалған ақпарат тарату компанияларын жүргізетін құрал ретінде қолданылуы мүмкін екені жазылған. Осыдан бұрын, яғни 5 тамыз күні АҚШ мемлекеттік хатшысы Майк Помпео АҚШ-тың қытайлық мобильді қосымшалар мен телекоммуникациялық қызметтерді тыюға, оларды қолдануды шектеуге талпыныс жасайтынын мәлімдеген болатын.

Tiktok Бейжіңдегі Bytedance компаниясына тиесілі. Түрлі эффекттерімен әрленген 15-60 секундтық шағын видеоны бөлісетін арналған Tiktok әлеуметтік желісі алғаш 2016 жылы Douyin деген атаумен Қытайда таралған. Кейіннен сыртқы нарыққа шықты. 2018 жылы Muscial.ly компаниясымен қосылған соң әлемде жылдам тарала бастады. Қазір оның 1,5 миллиардқа жуық қолданушысы бар.

Алайда интернет қолданушысы Tiktok желісіне тіркелерде жеке басының мәліметін енгізуі керек. АҚШ-тың мәліметінше, Қытай осы ақпараттарды пайдаланып, шетелде тыңшылық жұмыстарымен айналысқан. Осы жағдайға байланысты Трамп шілде айының соңында танымалдығы күн сайын артып бара жатқан Tiktok қосымшасына тыйым салуға шақырды.

Сонымен қатар, АҚШ қытайлық WeChat мессенджерін қолданушылар туралы көп мәліметті автоматты түрде жинақтады деп айыптап отыр. Бұл дерек қоры Қытай коммунистік партиясына америкалықтардың жеке деректері мен меншік құқығымен қорғалған мәліметтерге қол жеткізуіне мүмкіндік беруі ықтимал. Сарапшылар АҚШ-тың Tiktok пен WeChat-қа болған шектеуі күшейсе, америкалық компаниялар теле байланыс құралдары қосымшасынан Tiktok, WeChat, Weibo-ларды толық алып тастауы мүмкін.

Америка Құрама Штаттары қытайлық мобильді қосымшаларды бұғаттаған алғашқы ел емес. Соңғы екі айда Қытай мен Үндістан арасындағы шекарадағы қақтығыстарға жауап ретінде Үнді үкіметі 106 қытай қосымшасын, соның ішінде Tiktok, WeChat, Weibo, Baidu Maps және QQ қосымшаларын жауып, Үндістанда қолдануды бүкілдей шектеген болатын.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



САЙЛАУДАН KEЙІНГІ ШЕРУ

Беларусьте Президент сайлауының қорытындысына наразылық 9 тамыздан бері жалғасып жатыр. Наразылық кезінде жүздеген адам жақаттанған, екі адам қайтыс болған.

Жұрттың ашуын басуға тырысқан билік 14 тамызда мыңнан астам адамды қамаудан босатты. Беларусь Ішкі істер министрлігі мәлімдеме жасап, «кездейсоқ ұсталғандарға артық күш қолданғаны үшін» кешірім сұрады. Беларусь Ұлттық жиын кеңесінің төрағасы Наталья Кочанова президенттің наразыларды ұстау мәселесін зерттеуді тапсырғанын айтты. ЕО Лукашенкоға санкция салатынын ескертті.



БАӘ ИЗРАИЛЬМЕН КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Біріккен Араб Әмірліктері АҚШ-тың ара ағайын болуымен Израильмен қарым-қатынастарды қалпына келтіру келісімін жасады. Сонымен БАӘ 1979 жылы – Мысыр, 1994 жылы Иорданияның ізімен Израильмен қарым-қатынастарды қалпына келтіру келісіміне қол қойған 3-інші елге айналды.

БАӘ АҚШ-тың бітімгерлігінде Израильмен қарым-қатынастарды қалпына келтіру келісімі жөнінде «ортақ бір жол картасын белгілеу тақырыбында келіскендерін» жариялаған болатын. Алайда бұл Палестина халқының күшті қарсылығын қозғады. Палестинаның әл-Фатх қозғалысы Біріккен Араб Әмірліктерін «Палестина күресіне қарсы діни, ұлттық және гуманитарлық міндетінен бас тартумен айыптады» деді.



АУАДАҒЫ ТІРІ КОРОНАВИРУС

Ғалымдар алғаш рет ауадағы микроскопиялық бөлшектерде толыққанды тірі коронавирустарды анықтады. Еуропада аурудың басталуынан бірнеше апта өткен соң, дәрігерлер вирус тікелей байланыс арқылы және ауа тамшыларымен ғана емес, сонымен қатар ауада тоқтатылған микроскопиялық бөлшектердің көмегімен ұзақ қашықтыққа тарала алатындығын анықтады.

Бірақ адам шығаратын немесе сөйлескен кезде шығатын микробөлшектерде қанша вирус болуы мүмкін екендігі түсініксіз болып қалды. Флорида университетінің зерттеушілері аэрозольдердің вирустық жүктемесі өте үлкен және олар жұқпалы болуы мүмкін дейді.



Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бетпесті суреттер газетімізден алынды




«Астана ақшамының» әр саны елорданың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып жатыр. Ол өзінің отыз жылдық ғұмырында астананың тарихи жылнамасына айналды десек, тым артық айтқан болмаймыз. Басылмының қатталып жатқан тігінділерін ақтарсаңыз, осынау жылдар ішіндегі қаланың тыныс-тіршілігін, көкейтесті проблемалары мен өзекті мәселелерін көз алдыңыздан өткересіз. Қоғамды, тұрғындарды, зиялы қауымды және жалпы оқырман қауымын әр жылдары не толғандырып келгенін сезіне аласыздар. Газет халықтың шын мәнінде үнжариясына айналды, мұнда көптеген авторлардың, ғалымдар мен өртірлі сала мамандарының, қарапайым адамдардың еңбектерімен, толғаныстарымен танысуға болады. Редакция ұжымы әр нәмірде ел өміріндегі «үп» еткен жаңалықтар мен аққолтай хабар-ошарларды қазаққа жеткізуге асықты. Тілшілер қауымы күнделікті жұмысында мемлекеттің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет және руханият, өнер, спорт және басқа да саладағы маңызды мәселелерін тегіс қамтуға тырысты. Енді газеттің сол күндерінің естелігіндей болған сарғыш тартқан беттерінен дерек келтірейік.



ТУҢҒЫШ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕКТЕП

2009 жылдың алғашқы сандарының бірі газеттің бірінші бетінен әдеттегідей жағымды жаңалықпен басталған. Басылмының 13 қаңтар күнгі санында Астанада тұңғыш интеллектуалдық мектептің ашылғаны жөнінде айтылады:

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дегендей, бұл ел өміріндегі аса маңызды оқиғалардың бірі екені даусыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың оның алдындағы жылы Үкіметке Астана мен Алматы қалаларында және барлық облыс орталықтарында интеллектуалдық мектептер ашу туралы тапсырма берген болатын. Міне, жыл басында осы жоба іске асып, тұңғыш заманауи білім ошағы елордада ашылды отыр.



ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ – ТІЛІНДЕ

Мемлекеттің тілдің мәселесі – ұлтымыздың бір бүйіріне батып жүрген өте өзекті мәселе. Ол, әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында және славян диаспоралары көп қоныстанған солтүстік пен шығыс өңірлерде өте ұшынып тұрды. Ел арасында қазақ тілінің қоғамда кеңінен қолданыс табуы үшін сол кездері саясатты немесе қолданыстағы заңдарды өзгерту керек деген пікір айтылып жүрді. Осыған орай, газеттің кезекті санында белгілі заңгер, тіл жанышы Абзал Құспан сұхбат береді.

«Заңды айыспай береміз. Өзім заңгер болған соң, гафу етіңіз, заңнан гөрі, мен заңды қолданбай жүрген халықты көбірек кінәлаймын. «Мына бап әлсіз, ана тұсы кемшін» деп мүйіздей бергенше, қолданыстағы заңмен де көп

шаруа тындыруға болады» деп заңгер «Тіл туралы» заңның күнделікті өмірде қоғамның пайдасына асырылмай жатқанын айтып, көпшіліктің өзіне салмақ сала сөйлепті. Сондай-ақ ол өз өмірінен, қызмет тәжірибесінен ұтымды мысалдар келтірген.

АҚСҰҢҚАР АҚЫН

«Астана ақшамының» 3 наурыз күнгі санында қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің қаза тапқан күніне орай мақала жарияланды.

Мақала авторы Гүлжан Рахман билай дейді: «Қазақты «қазақ» дейік, қатені түзетейік» деген Сәкен Сейфуллин – қазақ атауына араша түсіп, ұлттың төнген қауіпті ерте сезінген, елінің тәуелсіздігі жолында аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері, дауыпз ақын. Ол «Қазақ халқына оқу керек, оқу

зақ, экономика, медицина, әскери мамандықтар бойынша ұлттық кадрларды дайындауға зор еңбек сіңірді. Әсіресе қазақ балаларының Ресейде білім алуы үшін 1140 грант бөлізген. Сол жылдары тағайындалған шәкірт-ақынмен оқыған жастардың арасынан кейін ірі ғалымдар мен өнер қайраткерлері шықты. Олардың қатарында Петербург университетінде оқыған Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Томск политехникалық институтында білім алған Қаныш Сәтпаев бар.

АТАҒЫ ӨЛЕМГЕ ЖАЙЫЛҒАН

Газеттің сәуір айындағы санында қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой

керек, оқу керек!.. Оқымаған адам, оқымаған халық – надан, қараңғы, соқыр» деген берік ұстанымын мысалға келтіреді.


Біреу білер, біреу білмес, Сәкен Қазақ үкіметінің басына келгеннен кейін жоғары оқу орындарының студенттеріне шәкіртқа бөлу туралы қаулы қабылдатып,

АТАҒЫ ӨЛЕМГЕ ЖАЙЫЛҒАН

Газеттің сәуір айындағы санында қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой



2009



Басылмының кезекті санында марқұмның өмірі туралы тұтас бір бет мақала шыққан.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ

2009 жылдың ең айрықша жаңалығының бірі де бірегейі – Қазақстанның ел бірлігі доктринасының қабылданыуы. Оның тақалауға арналған жобасы газеттің 7 қарашасы күнгі санында жарық көрді. Ол мемлекеттің ішкі саясатын, қоғамдық қызметін, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды реттейтін негізгі құжат болып табылады. Доктринада ұлттық саясаттың мақсаттары, міндеттері, ұстанымдары, сондай-ақ оны іске асырудың негізгі бағыттары баяндалған. Доктрина жобасы ел ішінде қызу талқуға, тіпті таласқа түсіп барып әрең қабылданды. Мұнда қазақ тілді қауымның мәртебесін арттыратын бұқаралық мәселелер көтеріліп, бекітілген болатын. Өкінішке қарай, Қазақстанның ел бірлігі доктринасының бір ұнатқан нұсқасы қабылданғанмен, ол әлдебір пиғылдардың кесірінен қоғам өміріне арастырылмай ұмыт қалды.

БІТІМІ БӨЛЕК БЕКЗАТ ЕДІ

Қазақ спорттында шоқжұлдыздай жарк етіп келіп, сағымдай болып гайшқа айналған боксшы Бекзат Сағтархановтың қазасы қалың елдің жүрегіне қарс айырды. 2000 жылы Сидней Олимпиадасында ол алтыннан алқа таққанда, қуаныштан тебейренбеген, «алтын айдарлы» ұлына сүйсінібеген жанқүйер кемде-кем еді. Әттең, оның өмірі келте болды. Сол жылы желтоқсан айында небәрі 20 жасында біз Бекзаттан айырылып қалдық.

Дайындаған Дәулет АСАНОВ

БАҒЫ БАСЫМ БАҒАНАЛЫ БАСЫЛЫМ

«Асқақ астана маған «Астана ақшамы» арқылы құшақ ашты. Бас қалаға бауыр баса алмай, бейімделе алмай жүрген бастапқы жылдары осы басылымға қызметке тұрып, елордада өзімді еркін сезіне бастадым. Сондықтан мен үшін астана мен «Ақшам» егіз ұғымдай.

Журналистік жолымның басы – «Астана ақшамы» газетіндегі қызметім 2014 жылдың басында басталды. Бас қаланың бас басылымының табалдырығын корректор болып аттадым. Сол тұста жаңа жылдың жақсы жаңалығындай қабылданған бұл қадамым кейін өмірімдегі ерекше бетбұрыс болғанын ұғындым. Редакциядағы орным – қаламы жүйрік журналистердің суыққа мақалаларын суытпай газет етіп қалыптайтын секретариатта. Осы кабинетте терімші, корректорлар, бет қаттаушы дизайнерлер қатар отырдық.

Кабинеттес болмасақ та, үнемі қасымыздан шықпайтын жетекшіміз – жауапты хатшы бар. Ол – барлық кабинеттің арасын жалғап тұрған дәнекер, жүйелі жұмыстың үйлестірушісі. Жауапты хатшы нөмірге жоспарланған мақалаларды қолымызға тапсырады. Содан біз, корректорлар, материалдың қатесін қарап отырып, оның қалай жазылғанын, тақырыптың қалай қойылғанын, редакторлар қалай түзгенін – бәрін сүзіп шығамыз. Соның арқасында мақаланы тиянақты, қатесіз құрудан біршама хабардар болып қалдық.

Бұрыннан жазу-сызуға бейім болғандықтан, журналист болғым келетін ниетімді жұмысқа кірерде бірден аңғартқанмын. Кейін журналистер кабинетіне ауысып, мақала жаза бастағанда корректор дейтін баспалдақтан өткенімнің көп көмегі тигенін түсіндім. Ал бұл кабинетте тәжірибелі журналистерден жедел әрі жүйелі жазудың қыр-сырына бір кісідей қанықтым. Сөйтін тілшілік тірлікке араласып, жазғандарым басылар тарапынан мақталса, кәдімгідей мерейім тасып, мәз болып қалатынымын. Тауып қой-

ған тақырыбым тура келіп, аталып жатса, оның өзі – бөлек қуаныш. Мұнда ешкімнің еңбегі елеусіз қалмайтын. Талаптанғандарды қашанда қолдап, қоллашпап отыратын. Жазуым түзелеп, шыңдала бастағанда аға тілші, кейін шолушы етіп койды.

Бұдан кейін тағы кабинет ауыстырып, жауапты хатшы қызметіне кірістім. Мұның қаншалықты жауапты жұмыс екенін, негізінен, секретариат пен журналистер кабинетінің ынтymақастығына, бірлескен ілгеріде ісіне

терең талдау мақаласын берітті. «Тарих бізге жас Абайдың келбетін сақтаған жоқ, – деп бастайды өзім абайтанушы. – Біз білгенде, Абай – «қартайып, қайғы ойлаған» қарт. Абайдың барша жұртқа өйгілі «ресми» портреттеріне зер салсаңыз – тақия киген, жүзінде ой белгісі, сезім нышаны жоқ стандартты егд. Орыстан да Толстойды бір құшақ сақалсыз естелете алмайды... Неге?

Жалпы, жұрттың санасында екеуінің де суреткер-гений ретіндегі бағасынан гөрі, моральдық гений тұрғысындағы беделі



налды. Елордалық басылмыда бес жылдан аса уақыт жұмыс істеп, ел газеті «Егемен Қазақстанға» ауысарда ақелді тілегім арнаған әріптестер қатарында Аманғали Қалжан ағам «Орынбек екеуміз ұйымшыл ұжымым, қамқор, тілеуқор әріптестерімнің арқасында ыстық ұяма ай-



Орынбек ӨТЕМУРАТ, журналист



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЛДАЯҚОВЫ

» Бүгін қазақ вальсінің королі атанған, «Менің Қазақстаным» секілді елдің гимніне айналған өннің авторы, көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқовтың туғанына тоқсан жыл толды.

Азамат
ЕСЕНЖОЛ

Ұлт тарихындағы Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Әсет, Естай, Жаяу Мұса секілді дүлдүлдердің даңғыл жолын жиырмасыншы ғасырда жалғап, қазақ әнін биікке көтерген тұғырлы тұлғаның өмірі мен өнері аңызға бергісіз. Ол жайында біраз қаламгерлер шоқтығы биік шығармалар жазды. Әлі де жазыла берері анық. Біз осы орайда ардақты азаматпен ауылдас, оның өмірі мен мұрасы жайында «Шәмші», «Шәмші әлемі» және «Шәмшінің әндері мен әзілдері» деген үш кітап шығарған белгілі сатирик Көпен Әмірбектен жазып алған әңгімені ұсынуды жөн көріп отырмыз.

– Жасымнан Шәмшінің әндерін тыңдап өскенмен, онымен бір топтырақта туғанымды университетке түскенше білген жоқпын, – деп бастады сөзін Көпен ағамыз.

– Осыдан тура елу жыл бұрын, яғни 1970 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқып жүргенімде, тарих пәнінен дәріс оқитын ұстазымыз Жампейіс Қарақұсов бірде аудиторияға Шәмші Қалдаяқовты ертіп келіп, кездесу өткізді. Осы бір жылылыққа толы жүздесу әлі күнге есімнен кетпейді. Шәмші ағамызбен емін-еркін әңгімелесіп, бір керемет сезімді бастан кештік. Сол кездесу үстінде Өмірәлі деген курстасым композиторға «Қай жерде дүниеге келдіңіз?» деген сұрақ қойды. Шәкең оған: «Мен Сарыкөлде туғанмын» деп жедел жауап берді. Біздің елде «Арыстың Сырдарияға құятын сағасын Сарыкөл» деп айтады. Өмірәлі қайтадан: «Сарыкөл қайда?» деп сұрады. Қазақтың даласында «Сарыкөл» деген атау жиі кездеседі. Шәмші: «Сарыкөл – Шәуілдірдің арғы жағында» деді. Өмірәлі де қоймай: «Шәуілдір қайда?» деп еді, Шәкең: «Сарыкөлдің бергі жағында» деп жауап қайтарды. Сөйтіп, мен жиырма жасымда Шәкеңмен бір ауылда туып, оның Отырардың тумасы екендігін алғаш білдім.

Жаңа ғасырдың басында Жамбыл облысының әкімі болған, қазіргі Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетов маған: «Көпен, Шәмші Қалдаяқовпен бір ауылда тудыңыз, сол кісі жайында роман жаз, мен шығарып берейін. Тараз қаласының 2000 жылдығына тарту етейік» деп қолқа салды. Бұл мен үшін күтпеген ұсыныс болды. Бірақ Секеңе: «Шәкең туралы роман жаза алмаймын. Шәмші 1930 жылы туса, мен 1950 жылы өмірге келдім. Арамызда аттай жиырма жыл жатыр. Шәмші ағамыз жер-көкті шарлап жүргенде, мен жөргекте жаттым. Одан да Шәмшімен жастық шақтағы қызық күндерді бірге кешкен академик Өмірзақ Айтбаев, Лия Жақанов немесе Мұхтар Шаханов жазса болады. Мен одан да ағамның шашылып қалған мұрасын жинап, кітап етіп шығарайын» деп өз ойымды айттым, – деді ағамыз.

– Сөйтіп, көрнекті қайраткерлердің композитор туралы айтқан пікірлерін жинауға кірістім. Оны заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің Шәмші туралы айтқан лебізінен бастадым. Сонымен бірге көркем сөз өнерінің айтулы тұлғасы Шыңғыс Айтматов та Қал-



Жалпы, талантты адамдардың өмірі мен өнер жолы ешқашан тақтайдай тегіс болмаған. Оларға осы жолда түрлі қиындықтар мен кедергілер кездесіп отырған. Кезінде Шәмші ағамның әндері жайында да түрлі қиғаш сөздер айтылыпты. Біреулер: «Бізде вальс көбейіп кетті, бұл қазақ музыкасына жат, қажет емес» деген болыпты. Дәл сол кезде дарынды жасты Мұхтар Әуезовтің: «Қандай ауылға барсақ та бізді ел Шәмшінің әнімен қарсы алып, сонымен қол бұлғап, шығарып салады. Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі», Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым» вальсі секілді вальстер көбейе берсін» деген бір ауыз лебізі түрлі ащы сындардан құтқарып қалады



даяқовтың сұлу әндеріне риза болып: «Шәмші бір қазаққа емес, адамзатқа ән салдырған аса талант иесі» деген баға беріпті. Әйгілі әнші Бибігүл Төлегенова: «Шәмші тау бұлағындай таза әуенімен ән-жырға сусаған халқының мейірімін қандырды» деп айтыпты. Дәл осылай Ермек Серкебаев, Рахманқұл Бердібаев, Нұрғали Нүсіпжанов, Әсет Бейсеуов, қысқасы, арқалы ақын Мұзафар Әлімбаевтан бастап, аузы дуалы азаматтардың Шәмші жайындағы айтқандарын топтастырдым. Осыдан жиырма жыл бұрын, ол кезде Сыртқы істер министрі қызметінде болған, қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ әні мен мәдениетінің алтын қорына елеулі үлес қосқан Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық мұрасы ұлтымыздың баға жетпес байлығы, рухани қазынасы. Халқымыздың жан-жүрегіне жақын оның бол-

жалпы, талантты адамдардың өмірі мен өнер жолы ешқашан тақтайдай тегіс болмаған. Оларға осы жолда түрлі қиындықтар мен кедергілер кездесіп отырған. Кезінде Шәмші ағамның әндері жайында да түрлі қиғаш сөздер айтылыпты. Біреулер: «Бізде вальс көбейіп кетті, бұл қазақ музыкасына жат, қажет емес» деген болыпты. Дәл сол кезде дарынды жасты Мұхтар Әуезовтің: «Қандай ауылға барсақ та бізді ел Шәмшінің әнімен қарсы алып, сонымен қол бұлғап, шығарып салады. Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі», Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым» вальсі секілді вальстер көбейе берсін» деген бір ауыз лебізі түрлі ащы сындардан құтқарып қалады.

Көпен Әмірбекұлы әңгіме арасында жұртшылық онша біле бермейтін бір естелікті өрбітті.

«1973 жылы Қазақстанның басшысы Дінмұхамед Қонаев Үндістанға Кеңес Одағының делегациясын бастап барады. Бұрын дәстүр бойынша қонақтарды Кеңес елінің гимнімен қарсы алса, бұл жолғы делегацияны үнді елінің басшылары Шәмшінің «Бақыт құшағында» әнімен қарсы алыпты. Осыған қазақ басшысы қатты риза болып, елге келгеннен кейін Шәмшіні іздейді. Сөйтсе, композитор жаңадан ашылған Торғай облысында Мұхтар Шаханов екеуі шығармашылық сапармен жүрген екен. Сөйтіп, Шәмші ағамы Қонаев қабылдап, Алматыдан үш бөлмелі пәтер сыйлап, «Менің Қазақстаным» деген ән жинағын шығарып береді. Одан кейін 1991 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен композиторға «Қазақстанның халық әртісі» атағын табыс етті. Шындығына келгенде, елімізде Мұхтар Әуезовтің жылы пікірін естіген, Дінмұхамед Қонаевтың қамқорлығын көрген, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан марапат алған Шәмші Қалдаяқовтай бірде-бір композитор жоқ. Шәмшінің ақындығы да ешкімнен кем болмаған. Ол туралы мысалдар да жетеді» деді.

Кейіпкеріміздің ата-анасы жайында да қаламгердің айтқаны ойымызды түйіндей түсті.

«Шәмшінің атамекені – Ақтөбе. Жаугершілік заманда аталары Жаңарқаға қоныс аударады. Одан кейінгі алай-дүлей заман болып, Арқадан ауып, Созаққа табан тірейді. 1929 жылы кеңес өкіметіне қарсы Созақ көтерілісі болғаны белгілі. Соған композитордың әкесі де қатысады. Сосын көтеріліске қатысқандарға қуғын басталғанда, Қалдаяқ Өзбекстан арқылы Ауғанстанға өтпек болады. Сөйтіп, көш тартып келе жатып Шәуілдірге келгенде, академик Өмірзақ Айтбаевтың әкесі Айтбай молда үлкен ақын болған кісі, сол Қалдаяққа кездесіп: «Ауғанстанға барып не істейсіздер? Сарыкөлдің жағасында колхоз ұйымдастырып жатырмыз. Өзіңіз ұста екенсіз, ұсталықпен айналысыңыз» деп көшті тоқтатып, алып қалады. Шәмшінің әкесінің шын аты – Әнапия, анасының есімі – Сақыпжамал. Анасы – төренің қызы, Кенесары ханның тікелей ұрпағы. Әнші болған. Сөйтіп, 1930 жылы 15 тамызда Отырар өңірінде Шәмші ағамыз өмірге келген. Егер ол кісінің әкесі Ауғанстанға өтіп кеткенде, Шәмші Қалдаяқов бізге жоқ еді» деп әңгімесін аяқтады Көпен ағамыз.

Шынында да, Шәмші ағамыз туралы артық сөз керек емес. Қазақтың Қалдаяқовы десе жетеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №95 (4064) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows 93-115.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows 116-140.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows 141-165.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 4 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. It lists various candidates and their details across multiple rows.

Table with 3 columns: ID, Name, Date, and Description. It lists various candidates and their details for a public administration competition.

(Жалғасы бар)

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Астана-Теплотранзит» АҚ металл сынықтарының сауда-саттығын өткізу туралы хабарлар етеді:

- 1. Сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты – 2020 жылғы 3 қыркүйек 10 сағ. 00 мин.
2. Металл сынықтары туралы мәліметтер: Саны – 1300 тн, орналасқан жері – Нұр-Сұлтан қаласы, Республика даңғылы, 68/4 бойынша №1 СС; Тұран даңғылы, 12; Жансүгірұлы көшесі, 7; П1 (18) павильоны.
3. Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында бағаны көтеруге аукцион жүісінің сауда-саттығын өткізу (www.gosreestr.kz).
4. Металл сынықтарының бастапқы бағасы – 1 тн үшін ҚҚС-сыз 48 333 тг, құны – 1300 тн үшін 62 833 333 тг.
5. Кепілдік жарнаның мөлшері және оны енгізу тәртібі – металл сынықтарының бастапқы құнының 15%, бұл ҚҚС-сыз 9 425 000 тг құрайды. Қатысушы кепілдік жарнаны жүйе операторының есепшотына енгізеді.
6. Өтінімдерді қабылдау мерзімі 2020 жылғы 3 қыркүйек 08 сағ. 00 мин дейін.
7. Металл сынықтарын сату шарттары:
7.1. Сату объектісін беру сатып алушы мүлікті

сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын толық төлегеннен кейін мүлкіті қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы жүргізіледі.
7.2. Аванстық төлем – объектіні сату бағасының 30%, сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей енгізіледі.
7.3. Кепілдік жарна тиесілі аванстық төлем шотына есептеледі.
7.4. Қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей төленеді.
7.5. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ заңына сәйкес Сатып алушының заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметтің растайтын құжаты болуы тиіс (3-қосымша, 45-тармақ, хабарламалар тізбесі).
8. Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамының байланыс деректері және орналасқан жері – Нұр-Сұлтан қаласы, Республика даңғылы, 29-үй, тел.: 55-29-81.

«Астана ГарантСтрой» ЖШС БСН 010 840 005 010 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

«Тандем Астана» ЖШС БСН 010 740 003 685 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

«Club House Development» ЖШС БСН 120 840 008 395 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

«White Gold Development» ЖШС БСН 120 940 005 989 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

«Экспо-Блок» ЖШС БСН 130 740 009 981 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

«Sun Construction» ЖШС БСН 050 740 006 528 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талабыңыз мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлы дала д., 11-үй, 194-п., тел.: 8 775 663 20 95, эл: utedzhanovadk@mail.ru.

ҚАСИЕТТІ ЖҰМАДА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Абай қазақ халқын дүние жүзінің зиялы қауымдастығына таныта білген зор тұлға екенін көпшілік жақсы біледі. Ұлы Абайдың 175 жылдығы аясында қаншама іс-шаралар атқарылуда.



Қалалық Ардагерлер кеңесі Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына байланысты ауқымды іс-шаралар өткізуде. Солардың бірі «Абай жолы» романын оқып, Абайдың өлеңдерін шырқап, қара сөздерінен сусындап өскен Нұр-Сұлтан қаласының аға буын өкілдері қасиетті жұма күні ұлы Абайға тағзым етіп, хакімнің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Сәрсенбай Мыңбаев өз сөзінде «Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, дана ғұламаларының бірі, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді, болашақта да жасай береді. Оның философиялық терең ойын, тәлім-тәрбиелік ілімін уағыздау – ұрпақтан-ұрпаққа аманат» деді.

Аталған іс-шараға қатысқан қала ардагерлері Абайдың теңдесі жоқ мұрасының шын мәнінде екендігін, оның айтқан нақыл сөздері салықалы, парасатты ой түйеге жетелейтінін, әрбір азаматтың дүниетанымын шыңдайтын, өлеңдері жүрекке жылу ұялатынын атап айтты. Әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қатысушылар Абайдың өлеңдерін айтып, қара сөздерінен үзінділер оқыды, естеліктерімен бөлісті.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының туын желбіретуге, іргетасын қаласуға қатысқан ардагерлер Абай ескерткішінің алдында өздерінің өмір және еңбек жолдарында алған тәжірибелерін жас ұрпаққа жеткізуге, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, рухани байлықтарын нығайтуға атсалысуға уағдаласты.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

АБАЙ ӨЛЕНДЕРІ – КОРЕЙ ТІЛІНДЕ

» Қазақстанның Корея Республикасындағы елшілігінің қолдауымен корей тілінде Абай атамның өлеңдері қамтылған «Алтын шаңырақта шырқалған ән» атты кітап жарық көрді.



Кітапқа ұлы ақынның 106 өлеңі мен 2 эпикалық поэмасы енгізілген. Сонымен қатар биыл қаңтар айында жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы берілген. Жинақтың авторы – корей жазушысы Ким Бёнг Хак.

Ким Бёнг Хак 1992 жылы Қазақстанға қоныс аударып, Алматы облысының Үштөбе қаласындағы Корей орталығында жұмыс істеді. Одан кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде корей тілінен сабақ беріп, «Корё Ильбо» газетінің тілшісі, Алматыдағы Корей білім беру

орталығының директоры қызметін атқарған.

2016 жылы автор Корея Республикасына қайта оралды. Қазіргі таңда Кванджу қаласындағы ТМД корейлерінің мәдени орталығы жетекшілерінің бірі. Ол бүгінде ТМД-дағы корейлер тарихын зерттеп жүр.

Тағы бір айта кетерлігі, Оңтүстік Кореяда Абай мен әл-Фараби бейнелері басылған маркалар пайда болды. Елдегі негізгі пошта операторы «Korea Post» алғаш рет Қазақстан маркаларын басып шығарды. Маркалардың дизайны ағылшын тілінде Абайдың 175 және әл-Фарабидің 1150 жылдығы белгілерімен дәйекті стильде жасалған.



ТУҒАН ЖЕРІНДЕ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

» Түркістан облысының Отырар ауданында туып-өсіп, қазақ вальсінің королі атанған атақты композитор, Қазақстан әнұраны әнінің авторы Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойына орай туған жерінде мұражайы ашылды.

Музей ішінде атақты композитордың өзі қолданған бұйымдары, музыка шығаруға сеп болған мандолинасы секілді құнды жәдігерлер мен аспаптары, әкесінің шапаны да бар.

Облыстық филармония, Шәуілдір ауылындағы музыка мектебі композитор атына берілсе, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында Шәмші Қалдаяқов көшесі бар.

КАВЕРЛЕР БАЙҚАУЫ

» «Birgemiz: asyl mura» жалпыұлттық жобасы аясында Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған каверлер байқауы өтті.

Бұл байқауға ән өнеріне ынтық, қызығушылығы бар жастар бақ сынады. Арнайы іріктеуден өткен қатысушылар екінші кезеңге жолдама алды.

– Ұлы ақынның мерейтойына арналған каверлер байқауына қатысу-

шылар өз өнерлерін жаңа форматта көрсетті. Жастардың көпшілігі Абай әндерін нақышына келтіре орындады. Бұл бізді қуантты. Тіпті арнайы музыкалық білімі бар жастар қобыз, бас қобыз, домбырада сүйе-

мелдеді, – дейді қазылар алқасының мүшесі, «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Динара Сәдуақасова.

Байқауға елордадан отыздан аса жас қатысты. Ән бәйгесінде топ жарған



175 ЖЫЛ

Ұлы Абай Құнанбайұлының мерейтойы

жас таланттарға «Жас кіші топ» (9-дан 16 жасқа дейін), «Ересек топ» (16-дан 35-ке дейін) және «Топтық орындаушылар» мен «Кәсіби орындау» аталымдары бойынша сыйлықтар беріліп, арнайы сертификат табыс етілді.



БҮРКІТШІ АЙШОЛПАН – СТУДЕНТ

» Дүние жүзінде ең жас құсбегі атанған қандасымыз Айшолпан Нұрғайып Алматыдағы Сүлейман Демирел университетінің студенті атанды.

Аты аңызға айналып, құсбегілік өнерді әлемнің түкпір-түкпіріне таныстырып, Нью-Йоркте «Азияның батыр қызы» атағына ие болған Айшолпанға бұдан бұрын әлемнің белді жоғары оқу орындары – Гарвард пен Оксфордта білім алуға ұсыныс түскен еді. Алайда

атажұртқа оралған қандасымыз биыл Нұр-Сұлтан қаласындағы «Spectrum» халықаралық мектебін тәмамдап, Сүлейман Демирел университетіне таңдау жасады. Оқу орны 100 пайыздық білім грантын тағайындаған болатын.

Бетті дайындағандар Азамат ЕСЕНЖОЛ, Динара МӘЛІК



ФОТОЭТЮД



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС Директор – ЖАРҚЫН ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – ТӨЛЕН ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №96

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru